

**Түйіндеме**

Мақалада қазақ тарихи прозасындағы түрлі баяндау формалары айқындалады. Сонымен қатар автор сөзі мен кейіпкер сөзі, тарихи әңгімелеу, субъективтік және объективтік баяндау атты нормативтік формалары нақтылы мысалдар арқылы көрсетіледі. Талдау объектісі 60-70-ші жылдардағы қазақ тарихи прозасын қалаған жазушылар С.Санбаев, Ә.Әлімжанов, Ә.Кекілбаев шығармалары болып табылады.

**Resume**

*This article deals with various declarative forms in Kazakh historical prose, reveals author's voice, as a form of historical narration and subjective and objective forms of narration. The object of the analysis is the works of Kazakh writers S. Sanbayev, A. Alimzhanov and A. Keckilbayev.*

ӘОЖ 070 (574) (09)

**«ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ ЖӘНЕ ТЕРМИН МӘСЕЛЕСІ**

**К.Т. Қабатаева**

*Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті,  
Қарағанды қ.*

Төңкеріске дейінгі қазақ баспасөзінің тарихын, жай-күйін Х. Бекхожин [1], Б. Кенжебаев [2], Т. Амандосов [3], Ү. Сүбханбердина [4], т.б. белгілі ғалымдар зерттеп, жазып шықты. Бірақ, белгілі бір себептермен бұл еңбектерді «Қазақ», «Сарыарқа», «Ақ жол» т.б. газеттер объективті бағасын ала алмады. Олар жөнінде сөз бола қойған күннің өзінде де жөнсіз сығау, басым болды.

Жалпыхалықтық революциялық қозғалыстың әсерімен 1906 жылы ақпанда «Қазақ газеті» де шықты. Б. Кенжебаевтың айтуынша, «Қазақ газеті» 1907 жылы шыққан сияқты. Біз «Торғай газетінде» басылған материалдарды зерттеу үстінде, оның 1906 жылғы бір нөмірінің бетінен «Новая киргизская газета» деген библиографиялық заметканы кездестірдік. Онда «И» деп қол қойған бір автор былай деп жазған: «Біз қолымызға Оренбург губерниясындағы Троицк қаласында жаңа шыға бастаған «Қазақ газетінің» 2 февральдағы 1-ші /пробный/ номері келіп түсті [5].

Бұған қарағанда бұл газеттің 1907 жылы наурыз айында емес, 1906 жылы ақпанда шыққаны анықталды. Заметкада бұл «газеттің редакторы Х. Сосковский, бастырушы Қостанайдың қазағы Е. Иманбаев» екені, газет орыс және араб әрпімен екі тілде, орыс және қазақ тілінде басылатыны айтылған.

Бұдан кейін автор «Қазақ газетінің» сол нөмірінде басылған материалдарын талдап, оның идеялық бағытын көрсетуге тырысады. Шағын басмақаласында, - дейді ол, редакция газеттің саяси бағытын /кредо/ ашып айтудан жалтарады. Бірақ басқа басылған мақалалардың мазмұнына қарағанда, газет «солшыл бағыттағы органдардың жауынгерлік тактикасын ұстау ниетінде екендігін қателеспей-ақ айтуға болады».

Газет бірсыпыра мақалаларында тек қана мал бағылатын далаларды отарлау қазақтардың мал шаруашылығын әлсіретеді және қоныс аударушыларға да пайда келтірмейді деп көрсетпекші болады. Бірақ нақтылы дәлелдер келтірмейді, ал оның есеіне үкіметтің әрекеттерін «сынауға» келгенде сөзге ешбір сараңдық жасамайды.

Шолушының айтуына қарағанда, «Қазақ газетінің» редакциясы «өзінің барлық күш-жігерін қазақтардың мүдделерін жалпы орыстық мүдделермен байланысты жақтау үшін жұмсамақшы».

Сөйтіп, деп қорытады заметканың авторы, Сосновский және Иманбаев мырзалар қазақ халқының қамқоры болу сияқты құрметті де ауыр міндетті өз мойындарына алып отыр.

Іске сәт, ізгі талапкерлер! Бірақ, байқандар: өткелдің қай жерде екенін білмей қалып, суға кетіп қалып жүрмендер!

Библиографиялық заметканың «И» деп қол қойған авторы «Қазақ газетін» оның шығарушыларын мейлі кекетсін, мейлі сақтандырып сынасын, мұндай пиғыл сезіліп-ақ тұр, әйтеуір, сайып келгенде, ол газеттің бағытын, көтерген мәселелерін баяндап беріп отыр. Бізге керегінің өзі де осы. Біз бұдан тиісті қорытынды шығаруымыз керек.

«Қазақ газеті» жалпы буржуазиялық-демократиялық қозғалысқа үн қосып, жоғарыда автор айтқандай, «солшыл бағыттағы органдардың жауынгерлік тактикасы» бағытында, яғни революцияшыл бағытта шыға бастаған. Газеттің мақсаты «қазақ халқының мұқтаждарын жалпыорыстық мүдделерге байланысты жақтау» болған, басқаша айтқанда самодержавиені құлату, сөйтіп бостандық және буржуазиялық-демократиялық өзгерістер үшін үгіт жүргізбекші болған. Бұл газеттің бағыты прогрессшіл болғанын сипаттайды.

Патша үкіметі жалған манифест арқылы революциялық қозғалысты жоюға, елді «тыныштандыруға» тырысып айла-шарғы жасады. Манифест шығарумен бірге патша үкіметі қаражүздік бандаларды ұйымдастырды, ұлт араздығын қоздырды, еврейлерді қырғындады, революциялық ниеттегі жұмысшыларды сойылға жығып, революцияшыл қайреткерлерді өлтіруді ұйымдастырды [6].

Осындай жағдайда «Қазақ газетінің» пайда болуының, оның патша үкіметінің реакцияшыл отарлау және ұлт саясатына батып қарсы күрес жариялауының, сондай-ақ бұл газетті еврей Хаим Сосновский мен қазақ

Ешмухамет Иманбаев, Жетпісбай Андреевтердің бірлесіп шығаруының үлкен саяси мәні болды.

Газеттің бағыты, басылған материалдарды патша үкіметіне қарсы шет аймақтардағы ұлттардың арасында наразылық қоздыратын болғандықтан 1-ші нөмірі конфискеленіп, біржолата жабылып қалады.

Манифесте сондайлық салтанатты түрде жарияланған баспасөз бостандығы, деп жазды «Наш край» газеті, үкімет басындағылардың түсінігінше, «түрме қабырғасының ішкі жағында еркін серуендеу құқығына айналып отыр. Еркін, қаймықпай сөйлеу бұрынғысынша қудалануда. Үкімет баспасөз бостандығына қарсы қатаң шаралар жобасын әзірлеуде. Бостандық дегеніміз «Оренбург листогі газетінің редакторын түрмеге отырғызғанына қайран қалуға болмайды».

Айта кету керек, 1876 жылы шыға бастаған прогресшіл бағыттағы «Оренбургский листок» газетін 1906 жылы большевиктер пайдаланды. Бұдан кейін де бұл газеттің бетінде қазақ елінің өмірі туралы көп жазылған болатын. Алтынсариннің бірнеше мақаласы басылды, газет бұл туралы, атап айтқанда Алтынсариннің хрестоматиясын және оның өмірі мен қызметін жұртқа әйгі еткен еді. Газет революциялық қозғалыстарды насихаттағаны үшін 1906 жылы 18 ақпанда тоқтатылып, редакторы тұтқынға алынған. Сол газеттің жалғасы ретінде Орынборда 1906 жылы 26 ақпанда «Наш край газетінің 1-ші нөмірі шыға бастады. Редакторлары большевиктер болды.

«Наш крайдың» жаңа редакциясы өлкенің мұқтажын «жұмысшы табының мүдделері тұрғысынан жазуды өзінің алдына мақсат етіп қойды.

Газет Коммунистік манифесті, марксизмді насихаттай отырып, барлық ұлт еңбекшілерін бірігіп, капиталға, самодержавиеге қарсы күреске шығуға шақырды. Сонымен бірге, газет Торғай облысына қарайтын Ақтөбе, Қостанай және басқа уездердің қазақ шаруаларына патша үкіметі жүргізіп отырған қоныс аудару саясатының реакциялық мәнін, отырықшы болған қазақтарға қоныс аударып келген орыс шаруаларымен бірдей жер кесіп беріледі деп «тыныштандыру» үшін алдап отырғанын әшкерелеп, түсіндірді. Газет 1906 жылы 26 ақпаннан 3 наурызға дейін небары 5 нөмірі шығып тоқталды.

Бұдан кейін Орынбор социал-демократтары 1906 жылдың сәуірінен 1907 жылдың сәуіріне дейін «Степь» газетін шығарып тұрды. Бұл газет орыс және қазақтың еңбекші бұқарасына саяси тәрбие беру, жұмысшы табының мүддесін қорғау жөнінде көп еңбек сіңірді. 1907 жылы большевиктер тұтқынға алынғаннан кейін газет редакциясында меньшевиктер тұтқынға алынғаннан кейін газет редакциясында меньшевиктер басым болып алды.

Орынборда, сонымен қатар, 1906-1918 жылдары түрік-татар деп аталған әдеби тілде «Уақыт» газеті шығып тұрды. Бұл татар, башқұрт және қазақ байларының қаражатымен шыққан саяси және әдеби газет болды. Жалпы революциялық қозғалысқа бұл газет те үн қосты. Қазақстанда

болып жатқан оқиғаларды біршама объектілікпен жазып отырды. Абайдың шығармашылығымен өз оқушыларын таныстырды, оның шығармалары жинағын бастырып шығару туралы мәселе көтерді. Бұл туралы осы кітаптың Абайға арналған бабында айтылды. Бірақ, жалпы алғанда, «Уақыт» пантүрікшілдік және панисламдық идеяны уағыздап, реакцияшыл бағыт ұстады.

Осы газеттің редакторы М. Кәримов ислам идеологиясын ғылыми социализммен байланыстыруға тырысты. Газет «Ислам және социализм» деген мақаласында соңғы уақытта социализм Европаның барлық түкпіріне тез таралуда дей келіп, мынадай пікірді уағыздайды: «Бірақ, біз, мұсылмандар, өз дінімізге ден қоя отырып, социализмнің біздің арамызға енуі ешқандай зиян келтірмейтінін жақсы білеміз, өйткені ислам дінінің негіздері болып саналатын теңдестілік, бауырластық, адалдық және мейрімділік сияқты қасиеттер социализмде де бар. Демек, ислам негіздері социализм мен демократия негіздерімен ұштасып жатыр» [7].

Бұл сандыраққа большевиктер «Степь» газеті арқылы дер кезінде соққы берді. Олар ислам дінінің жалған негіздерінің социализммен үш қайнаса сорпасы қосыюмайтынын ғылыми тұрғыдан дәлелдеді. Қазақ, татар байларының жырын жырлайтын «Уақыт» газеті еңбекші бұқараның таптық сана-сезімінің дамуына кедергі жасау үшін әлденелермен басын қатырмақшы болды. Бірақ онан ештеме шығара алмады [8, 83-85].

Қарапайым қазақтар ислам дініне онша бас иіп көрген жоқ, намаз оқу дегенді білмейтін. Мысалы, XIX ғасырдың аяқ кезінде «Торғай газетінде» басылған «Тапқыр қазақ» деген фельетонда сахара қазақтарының әлі де ескі нанымдары мен ырымдарын сақтайтыны, ислам дінінің негіздерін мүлдем білмейтіні сөз болады.

«Қазақ» газетінде ұлт ұғымына жат, тіптен ұлт ұғымында жоқ атаулар көп жағдайда орыс тіліндегі тұлғасында, кейде сәл дыбыстың өзгерістермен пайдаланылған.

Мысалы: народни судиа, народни сот, облоной правление, земски собрание, земски управа, шрезвышайни сиез т.б.

Орыс тілінен енген сөздерді калька әдісімен орнықтыруға болғанмен, кей сөздердің баламаларын табу қиынға соққан.

Мұндай жағдайда сөз тіркестерінің бір сынары төл сөзбен беріліп, екінші сынары сол күйінде қалдырылып отырған. Мысалы: Совет Министров – Министрлер кеңесі, Министр внутренних дел – ішкі істер министрі, военни цензура – фәскери цензура т.б.

Газеттегі саны жағынан ең көп қолданысқа түсетін тіркестер – аударма жолымен енген жаңа қолданыстар.

«Қазақ» газеті татар, араб, парсы тілдерінің элементтерінен саналы түрде қашып, мейлінше таза қазақ тілінде жазуға тырысқанын айтып өттік. Бірақ

заман ағымы, объективті себептер орыс тілінен енген сөздердің қазақ тіліне әсерін көбейте берген.

Қазақ газетінің 1913 жылғы 78-нөміріндегі «Темір жол һәм Европа соғысы» (авторы М. Тынышпаев) – «Қазақ инженер» атты мақалада 881 сөздің 68-і орыс тілінен енген сөздер, оның ішінде 50-і мемлекет, ел атаулары. «Шекісбай бекісбейді» деген мақалада барлығы 1023 сөз болса, соның 49-ы орыс тілінен енген сөздер. 46 рет газетте сөзі қолданылған да, қалған үшеуі идея, нөмір, философия сөздерінің қатарына тиеді.

Газеттің 1917 жылғы 215-нөміріндегі «Мәңгі татулық планы» атты мақаладағы барлығы 955 сөздің 47-сі орыс тілінен немесе орыс тілі арқылы өзге тілдерден енген сөздер. Осы 47 сөздің 25-і топонимикалық атаулар мен адам аттары.

Бес жыл бойы халықтың «көзі, құлағы, үні» болған «Қазақ» газетіне белгілі тарихшы ғалымдар мынадай баға берді: «Дегенмен, «Қазақ» алғашқы сандарынан бастап-ақ сырт көзге мен мұндалап тұрғаны анық, айқын, позициясы түсінікті, көздеген мақсаты бар газета болатын ...» Ол мақсат қазақ қоғамын ояту, оны жарыққа жетелеу, ұлт азаттық езгіге қарсы күрес жолына алып шығу еді. «Қазақ» газеті жалпы ұлттық мәселелерді көтеріп сол үшін күресті. Қазақ газетінің ұстанған позициясы сол тарихи кезеңдегі қазақ қоғамының табиғатынан туындап жатқан еді.

«Қазақ» газетіне ұлы Мұхтар Әуезов былайша баға берді: «Қазақтың еңкейген көрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей ширықтырған, етек-жеңін жиғызған осы газет болатын» - деп жазды [9, 17].

Газеттің тұңғыш санындағы бас мақалада оның шығарушысы А. Байтұрсынов: «Аталы жұртымыздың, ауданды ұлтымыздың аты деп, газетамыздың есімін «Қазақ» қойдық. Ұлт үшін деген істің ұлғаюына күшін қосып, көмектесіп, қызмет ету қазақ баласына міндет... жол ұзақ, ғұмыр қысқа, қолдан келгенше, ғұмыр жеткенше істеп кетелік. Малша оттап, асап ішіп, халық үшін қам қылмай, қарын тойғанына мәз болып, мал өлімінде өлмейік!» - деп толғанады [10].

Бұл дәйек сөздер (цитаталар) «Қазақ» газетінің шын мәнінде ұлттық газет екендігінің шын мәніндегі дәлелдері.

Бүгінде бұқаралық ақпарат құралдарында пайдаланылып жүрген көптеген қоғамдық-саяси терминдер қазіргі лексикалық мағынасы мен стилистикалық реңктерінде ең алғаш «Қазақ» газеті бетінде қолданылған болатын. Яғни, «Қазақ» газеті жаңа замандағы, жаңа әлеуметтік-саяси бағыттағы қоғамдық-саяси лексиканың негізін қалаған тұңғыш қазақ мерзімді басылымы болды. Сондықтан да, жалпылай алғанда, қазақ тілінің бүгінгі және болашақтағы дамуында, жекелей алғанда, қоғамдық-саяси лексиканың қалыптасу, даму тарихында «Қазақ» газетінің маңызы зор, атқарған қызметі

ұшан-теңіз екендігін көрсетеді. Мұның өзі «Қазақ» газетінің тілін арнайы зерттеудің қажеттілігін тудырумен қатар, бұл мәселенің күн тәртібінен түспейтін актуальдылығын да айқындайды.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бекхожин Х. Первая казахская газета «Дала уалаяты» (1888-1902). Рукопись канд. дисс. - Алма – Ата, 1946.
2. Кенжебаев Б. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары. - Алматы, 1958.
3. Амандосов Т. Верныйдағы большевиктік тұңғыш қазақ газеті. - Алматы, 1959.
4. Сүбханбердина Ү. «Айқап» бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлар. Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш. - Алматы, 1951.
5. Тургайская газета. №2, 1906.
6. Қазақ ССР тарихы, 1957, 1 том, 528 б.
7. «Уақыт» №31, 1906.
8. «Уақыт» және «Степь» газетінің кейбір материалдарын М.С. Бурабаевтың зерттеуінен пайдаланды. «Труды института философии и права АН КазССР» 1962, т.б.
9. Әуезов М. Ақанның елу жылдық тойы(юбилей) // Ақ жол. - Алматы, 1991.
10. «Қазақ», 1913, №1.

### *Резюме*

*В данной статье рассмотрена газета «Казак» и обращено внимание на терминологические вопросы.*

### *Resume*

*The given article observes the «Kazakh» newspaper and pays attention to terminological issues.*